

Қазақстан Республикасының ер азаматтарын Ақжар ауданы аумағында 2011 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы N 62 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 1 сәуірде N 13-4-117 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 4-тарауына, Қазақстан Республикасы Президенттің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 «Қазақстан Республикасы Президенттің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығын іске асыру туралы» қаулысымен, «Азаматтарды әскери қызметке шақыруды және өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 623 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Шақыруды кейінгі қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай – ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара Қызметіне, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне мерзімді әскери қызметке шақыру, «Ақжар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Селолық округінің әкімдері он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі, шақыруды

кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтардың қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен белгіленген мерзімде шақыру учаскесіне уақытында келулерін қамтамасыз етсін.

3. Шақыру комиссиясы 1-қосымшаға келісімді құрамда құрылсын. Шақыру комиссиясының төрағасы «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

4. 2-қосымшаға сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізудің ұсынылған кестесін бекіту.

5. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министірлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Ақжар аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының бас дәрігері Сәбитова Ш.Қ. (келісім бойынша), шақыру комиссия жұмысын сапалы істеу үшін:

1) «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 44 қаулысына сәйкес шақырушыларды медициналық куәландырудың жүргізілуін және шақыру медициналық комиссиясының қажетті медициналық аспаптармен жабдықталуын;

2) стационарлық тексеру үшін төсек-орын саны бөлуді және медициналық қызмет ету және айқындалған ауру шақырушыларды емделуін қамтамасыз етсін.

6. «Ақжар аудандық қаржы бөлімі» (Ә.Н.Әділова) мемлекеттік мекемесі әскерге шақыруды өткізуге бөлінген қаражат шеңберінде қаражаттың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

7. «Ақжар ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.С.Турабайға (келісім бойынша) шақыру мерзімінде шақыру пунктінде жастарды кәсіптік бағыттау және әскери-патриоттық жұмысын жүргізсін.

8. Ақжар ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы К.А.Бейсенбаев (келісім бойынша) әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

9. Шақыру комиссиясы «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында өтсін.

10. «2010 жылы Ақжар ауданы аумағында 1983-1992 жылы туған азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы» Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 30 наурыздағы № 64 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 13-4-100 тіркелген, «Дала дидары» газетінде 2010 жылғы 1 мамырдағы № 19, «Ақжар-хабар» газетінде 2010 жылғы 1 мамырдағы № 19 жарияланған).

11. Осы қаулының орындалуын бақылау, аудан өкімінің әлеуметтік мәселелері

жөніндегі орынбасары Ғ.Қ. Айтмухаметовқа жүктелсін.

12. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Тастеміров

КЕЛІСІЛГЕН:

Ақжар ауданының ішкі істер
бөлімінің бастығы
«Солтүстік Қазақстан облысы ішкі
істер Департаменті Ақжар ауданының
ішкі істер бөлімі»
К.А. Бейсенбаев

«Қазақстан Республикасының денсаулық
сақтау Министрлігі Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің Ақжар аудандық
орталық ауруханасы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
бас дәрігері
Ш.Қ.Сәбитова

«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар
ауданының қорғаныс істер жөніндегі
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
бастығы
Т.С.Тұрабай

А у д а н ә к і м д і г і н і н
2 0 1 1 ж ы л ғы 1 8 н а у р ы з д а ғы № 6 2
қаулысына 1-қосымша

Әскерге шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

№	Негізгі құрам	
	тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы
1.	Тұрабай Талғат Сайлауұлы	Комиссия төрағасы, қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
2.	Здуэлиев Берік Мағжанұлы	Комиссия төрағасының орынбасары, аудан әкімі аппаратының әлеуметтік мәселелер жөніндегі бас маманы
Комиссия мүшелері:		
3.	Рақымжанов Самат Шерғалиұлы	Аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша)
4.	Сәбитова Шолпан Қайыргелдіқызы	Аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері, медициналық комиссия төрайымы (келісім бойынша)
5.	Гончарова Людмила Алексеевна	Ленинград селолық ауруханасының медбикесі (келісім бойынша)

Қ о с ы м ш а 2
2 0 1 1 ж ы л ғы 1 8 н а у р ы з д а ғы № 6 2

**Ақжар ауданы бойынша 2011 жылдың сәуір-маусымында шақыру комиссиясын
өткізу
кестесі**

№	Селолық округтің атауы	мөлше рі	Комиссияны өту күндері							
			01.04 20 11ж	04.04 20 11ж	05. 04 2011ж	06.04 20 11ж	07. 04 20 11ж	08.042011ж	11.04 20 11ж	15.042011ж
1	Ленинград	56								
2	Ленинградское селосы	39	12						14	13
3	Дәуіт селосы	12								12
4	Қызылту селосы	5								5
5	Талшық	63								
6	Талшық селосы	49	16	33						
7	Үлгілі селосы	7	7							
8	Казанское селосы	7				7				
9	Ақжарқын	15								
10	Ақжарқын селосы	7	2				5			
11	Ащыкөл селосы	8					8			
12	Алкатерек	13								
13	Алкатерек селосы	13							13	
14	Восход	10								
15	Восход селосы	7	1			6				
16	Ақсай селосы	3				3				
17	Құлыкөл	20								
18	Құлыкөл селосы	20	4		16					
19	Айсары	3							3	
20	Айсары селосы	3								
21	Новосел	20								
22	Новосельское селосы	7				7				
23	Горьковское селосы	13				13				
24	Май	7								
25	Май селосы	7			7					
26	Ұялы	23								
27	Ұялы селосы	11			11					
28	Ақсары селосы	12	1		11					

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК